

ТАЛДАУ

мекемедегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Астана қаласының «Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ, Қазақстан Республикасы Агенттігі Департаментінің 27.07.2020 жылғы №5-11-16-3709 тапсырмасын орындау үшін, Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ директорының 13.01.2023 жылғы №47-Н «Мекемедегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет үшін жауапкершілікті жүктеу туралы» бұйрығына сәйкес, ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне, яғни, сыбайлас жемқорлық құбылыстарының пайда болу және/немесе сыбайлас жемқорлық жағдайларының туындау тәуекелдеріне талдау жүргізілді.

Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ қызметінің ерекшелігін ескере отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері болуы мүмкін:

- мемлекеттік сатып алу рәсімін жүзеге асыру, оның ішінде:

1) ақшалай сыйақы үшін үшінші тұлғалардың жабық акпаратты (бағаларды, клиенттік базаны, қолданыстағы шарттар бойынша талаптарды, акпараттық жүйеге рұқсатсыз қол жеткізуін) беруі;

2) мекеменің материалдық ресурстарын жеке пайда немесе баю мақсатында пайдалану.

Құжаттаманы дайындау кезінде де тәуекелдер жоққа шығарылмайды, атап айтқанда:

1) учаскелерге қосымша заңнамалық (көзделмеген) талаптарды қосу;

2) жеткізушіні айқындау шарттарының, келісімшартты (шартты) орындау шарттарының, сатып алу объектісін қабылдау шарттарының, кепілдік шарттарының бұлыңғырлығы (түсініксіздігі, нақты еместігі) және сәйкессіздігі;

3) тапсырыс тұтынушыларының ортасы мен орналасқан жерін, тұтыну көлемін анықтау.

Акпараттық:

- хабарламалар мен құжаттаманы жариялау мерзімдерін бұзу;

- құжаттардың толық емес жиынтығын орналастыру;

- құжаттамада қажетті мәліметтердің болмауы.

Өтінімдерді беру және қабылдау кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

1) мемлекеттік сатып алу рәсіміне жатпайтын жеткізушімен тікелей байланыстар және келіссөздер;

2) сатып алу туралы толық емес немесе әртүрлі акпарат беру, сатып алу туралы құжаттамаға сілтемелермен түсініктемелерді ауыстыру;

3) кемсітушілік сипаттағы түсініктемелер немесе құжаттамаға өзгерістер;

4) кешіктірілген ұсыныстарды қабылдауды қоса алғанда, жеткізушілердің құжаттамасы мен ұсыныстарын манипуляциялау.

- балалар үйінде тәрбиеленетін балаларды асырап алу бойынша іс-шараларды жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауы мүмкін, оның ішінде:

1) бала асырап алуға құқығы бар, бала асырап алуға үміткерлерге сыйақы үшін баланың түскені туралы мәліметтер беру;

2) құпия болып табылатын балаларды асырап алу бойынша үшінші тұлғаларда деректер болған кезде белгілі бір сыйақы үшін ақпаратты жария ету;

3) бала асырап алуға үміткерге қажетті нәтиже алуда жеңілдететін ақпарат пен мәліметтер беру түрінде сыйақы үшін бала асырап алуға үміткерлерге жеке көмек көрсету.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында, қамтамасыз ету қажет:

- лауазымды тұлғалардың мемлекеттік сатып алуды өткізудің ішкі регламенттерімен қамтамасыз етілу деңгейін;

- баланы асырап алушы отбасына беруге дайындау бойынша, сатып алу рәсімдері мен іс-шараларын құқықтық қолдау дәрежесі.

Ол үшін, бірінші кезеңде мемлекеттік сатып алуды жүргізу кезінде нақты қажеттіліктер айқындалады, қандай да бір мүддеге қажеттіліктің қалыптасуы мен негіздемесі алынып тасталады.

Мекеме жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының 04.12.2015 жылғы № 434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңында көрсетілген нормаларды, сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 30 маусымдағы «Бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлары мен қызметтерін сатып алу қағидаларын бекіту туралы» №412 бұйрығын басшылыққа алады.

Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүргізу кезінде, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 30.06.2016 жылғы №412 бұйрығымен бекітілген «Бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін сатып алу қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады.

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру, фармацевтикалық қызметтер жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдар мен мамандандырылған емдік өнімдерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 4 маусымдағы №375 қаулысына сәйкес орындалады.

Тергеу изоляторларында және қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдарға тегін медициналық көмектің

кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен мамандандырылған медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу қағидалары бюджет қаражаты есебінен және (немесе), фармацевтикалық қызмет көрсетудің міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдау мекемеде мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманың талаптары сақталатынын және аудит жүргізу кезінде уәкілетті мемлекеттік органдардың тұрақты бақылауында екенін көрсетті.

Бала асырап алу бойынша іс-шараларды жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері қазіргі уақытта барынша азаяды, келушілермен қарым-қатынас тек баламен танысуға жолдамамен қабылдағаннан кейін ғана пайда болады.

Мекеменің жауапты қызметкері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мониторинг жүргізеді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша нұсқама жүргізеді, мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша мекеме қызметкерлерімен әңгімелесулер, семинарлар және түсіндіру жұмыстары жүргізіледі, сондай-ақ ұжымды оқыту үшін дәріс материалы (бейнематериалдар) ұсынылады, мекемеде келесі тақырыптар бойынша дәрістер өткізілді: Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, заңсыз сыйақы және коммерциялық пара беру жөніндегі Нұсқаулық, Қазақстан Республикасындағы экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес, мекеме басшысымен: Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты, Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже және Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жасалған шарттары бойынша жеткізілетін (орындалатын, көрсетілетін) тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді қабылдау жөніндегі Қабылдау комиссиясы туралы ережелер бекітілді және мекеме басшысымен тиісті бұйрықтар шығарылды.

Зангер Б.Қ.Габдуллин
05.06.2023ж.